

## БӨЛІМ: ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

## XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕФОРМАЛАР: ҚАЙШЫЛЫҚТАР МЕН САЛДАРЛАР.

ЖАРИЯЛАНДЫ  
03.05.2024СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/152810/>

Тлеужанова Назерке

ТМ01602- тарих және география, 1-курс магистрант

XX ғасырдың екінші жартысында бүкіл әлемде айтарлықтай экономикалық реформалар жүргізілді, бірақ олар қайшылықтар мен салдармен бірге жүрді. КСРО жеке тұтыну деңгейі бойынша Батыс Еуропа мен АҚШ-тан едәуір артта қалды. Ғылыми-техникалық жетістіктер баяу енгізілді. Экономиканы түбегейлі реформалаудың алғышарттары қалыптасты. Реформаның негізгі ережелері орталықтандырылған жоспарлау жүйесін және пайда, рентабельділік, баға, несие, материалдық ынталандыру сияқты нарықтық компоненттерді біріктіруді көздеді. Кеңес Одағы соғыстан экономикалық жағынан әбден әлсіреп шықты, 32 мың өнеркәсіп орны сондай-ақ 100 мың ауыл шаруашылық өнеркәсіп орындары үлкен шығынға батты, олардың біраз бөлігі толығымен жойылды. Сталинград (Волгоград) Ленинград (Санкт-Петербург) Киев Минск сияқты қалалар жер мен жексен етілді. Экономикалық қиындықтар жұмыс қолының жетіспеуіне байланысты күрделене түсті. Соғыс жылдарында еліміз 30 млн-ға жуық халқынан айырылғаны белгілі. Өндірістегі жетпейтін жұмыс күшінің орнын толтыру үшін КСРО үкіметі Кеңес Армиясы қатарынан ірі көлемдегі демобилизация жүргізді. Брінші демобилизация 1945 жылы шілде-қыркүйек айларында өтті. Алдыңғы кезекте солдаттар және жасы ұлғайған кіші офицерлер, инженер, мұғалім, агроном мамандар демобилизацияланды. 1945-1946 жылдары армия қатарындағылардың саны 8,5 млн-ға азайды. Қазақстандағы тек қана әскери тапсырыстар орындаған көптеген зауыттар жаңа жағдайда бейбіт өнімдер шығаруға көшті. Дегенмен соғыстың зардабы Қазақстанға ауыр тиді. Мысалы: зауыттарда фабрикаларда және ауыл шаруашылығында жұмыс күші жетіспеді. Бұл жағдай бірнеше себептерге байланысты еді. Соғыс кезінде Қазақстанға қоныс аударған мамандардың, көпшілігі туған жерлеріне қайтты. Көптеген Қазақстандықтар майданда қаза тапты және соғыстан оралмады. 1930-1934 жылдардағы шаруалардың ұжымдастыру кезіндегі жаппай қоныс аударуы

сондай-ақ республиканың ауыл шаруашылық аудандарының жартысына жуығының қырылуына алып келген аштық салдарлары айқын сезілді.

Соғыстан кейінгі кезеңде бақылау шығындарының өсуі кеңестік экономикалық жүйенің жағдайына теріс әсер етті. Халық шаруашылық байланыстарының күрделенуі бақылауды жүзеге асыруға қойылатын талаптарды арттырды, бұл жалпы шығындардың үздіксіз өсуіне әкелді. Сол сияқты, бақылау шығындарының деңгейіне жаңа өнімдер мен технологиялық процестердің дамуы әсер етті. Алайда, қолданыстағы проблемалар реформалар мен қарсы реформалардың жаңа циклдерінің пайда болуын қолдай отырып, шешім таба алмады. Нәтижесінде кеңестік экономикалық жүйе күш-жігерді қысқарту, бақылауды қысқарту және кірістердің құлдырауының үш бағыты бойынша өзінің күйреуіне жақындады. Алайда, өндірушілердің күш-жігерден бас тартуы, бәрі бірдей жағдайда, бақылаудың күшеюіне әкеліп соқтыруы керек еді және одан бас тартуға себеп болмады. Өндірушілердің күш-жігерден бас тартуы жазаның жоғарылауымен жүруі керек еді. Алайда, бұл заң емес. Бақылау шығындарының біртіндеп артуы бақылау механизмін одан әрі ұстаудан бас тартуға әкелуі мүмкін, демек, бас тарту күш жұмсау.

Одақтас республикалар құқықтарының кеңеюіне байланысты Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің заң шығару қызметінің белсенділігі артты, оның республикадағы шаруашылық және әлеуметтік мәдени құрылысқа іс жүзінде басшылық етудегі рөлі әжептәуір өсті. Сессияда қаралатын мәселелердің шеңбері кеңейді. Одақтас республикалардың құқықтарын кеңейту, кеңестердің шаруашылық-ұйымдастыру рөлі мен жауапкершілігін арттыру олардың елдегі әлеуметтік-экономикалық ахуалды жақсартуға қосатын үлесін біраз өсірді. Бұл кезде халық шаруашылығының басты саласы өнеркәсіпті дамытуға ерекше назар аударылды. Соның нәтижесінде бесінші бесжылдық (1951-1955 жж.) ішінде 200-ге жуық жаңа кәсіпорын салынып, пайдалануға берілді. Сомасы 3218 млн. сом болатын негізгі қорлар іске қосылды, мұның өзі бұдан бұрынғы бесжылдықтағыдан 2,5 есе көп еді.

Кеңес өкімет өз кезегінде Қазақстанның халық шаруашылығын және мәдениетін дамытуға ерекше назар аударды. КСРО экономикасы біртіндеп бейбіт калыпқа түсе бастады. Бұрын әскери өнім шығарып келген өнеркәсіп орындары күнделікті тұтыну заттарын шығаруға қайта бейімделді.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.